

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 наурыздағы N 349 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1426

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастырудың кейбір мәселелері және Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 наурыздағы N 349 P000349_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

"1999 жылдың егіс науқанын тұқымдық астықпен тауарлық несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 341 P990341_ қаулысына сәйкес берілген 13 955 966 (он үш миллион тоғыз жүз елу бес мың тоғыз жүз алпыс алты) АҚШ доллары сомасындағы "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) тұқымдық несие бойынша "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) алдындағы қарызын "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Корпорация) аударуды;

"Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1390 P991390_ қаулысына сәйкес тұқымдық несие бойынша берешектерді өтеудің есебіне облыстардың әкімдері қайтарған және сенімгерлікпен басқаруға Корпорацияға берілген 8 400 169,29 (сегіз миллион төрт жүз мың бір жүз алпыс тоғыз бүтін жүзден жиырма тоғыз) АҚШ доллары сомасындағы 67 600,64 (алпыс жеті мың алты жүз бүтін жүзден алпыс төрт) тонна мөлшеріндегі тұқымдық және тауарлық астықты осы мақсатқа жұмсау арқылы Қазақстан Республикасы тұқымдық астығының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды;

Корпорацияның Қоғам алдындағы тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруға арналып нақты берілген астықтың көлеміне сәйкес тұқымдық несие бойынша 8 400 169,29 (сегіз миллион төрт жүз мың бір жүз алпыс тоғыз бүтін жүзден жиырма тоғыз) АҚШ доллары сомасындағы берешегін өтеуін қамтамасыз етсін";

2-тармақ алынып тасталсын;

3 және 5-тармақтардағы "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық

акционерлік қоғамына" деген сөздер "Корпорацияға" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.